

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы « 8» қыркүйектегі № 1030 қаулысына 2-қосымша

Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну» мемлекеттік қызмет стандартына 2-қосымша

Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы үлгі келісім

Елді мекен _____ 20 ____ жылғы « ____ » _____

« _____ » мемлекеттік мекемесі басшысы _____ атынан, әрі қарай «Әкімші» деп аталатын, бір тараптан, әлеуметтік көмек алушы, _____, бұдан әрі «Алушы» деп аталатын екінші тараптан және бұдан әрі «Сенім білдірілген өкіл (агент)» _____, үшінші тараптан, төмендегілер туралы осы өзара бірлескен міндеттемелер Келісімін жасасты:

Келісімнің мәні

Тараптар, өзара жауапкершілікті және келісімді ескере отырып, еш қайсысының тарапынан мәжбүр етілмей, тараптар өздеріне толық көлемде орындалуы тиісті міндеттемелер қабылдайды, атап айтқанда:

1. Әкімші, _____ мәслихатының (20 ____ жылғы « ____ » _____ № _____) шешімінің негізінде өзіне мынадай түрдегі әлеуметтік қолдау шараларын ұсынуға міндеттемелер қабылдайды:

1) _____ теңге мөлшерінде көтерме жәрдемақы;
2) _____ жыл мерзімге _____ теңге сомасында тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит.

2. Алушы өзіне жоғарыда көрсетілген әлеуметтік қолдау шараларын алған кезде _____ ауылдық елді мекенінде орналасқан _____ (денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт) ұйымында кемінде бес жыл уақыт қызмет істеуге міндеттеме қабылдайды.

3. Сенім білдірілген өкіл (агент) өзіне шарт тапсырма негізінде Әкімшінің атынан және есебінен және оның нұсқамаларына сәйкес бюджеттік кредиттеуге байланысты белгілі бір тапсырмаларды орындауға міндеттеме қабылдайды.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

1. Әкімші:

1) Алушыдан осы келісімге сәйкес өзіне алған міндеттемелерді адал және тиісінше орындауды талап етуге құқылы.

2. Әкімші:

1) аудан әкімдігінің қаулысы қабылданғаннан кейін он жұмыс күні ішінде және осы келісім негізінде көтерме жәрдемақысының тағайындалған сомасын алушының жеке есеп шотына аударуға міндетті.

3. Алушының:

1) комиссияның жұмыс органының талабы бойынша қажетті құжаттарды тапсыру кезінде әлеуметтік қолдау шараларын ерікті түрде таңдауға;

2) бес жыл мерзім өткенге дейін, өндірістік жағдайларға немесе әкімшіліктің бастамасына байланысты басқа елді мекендерге жұмысқа ауысқан кезде алынған әлеуметтік қолдау шараларына құқығын сақтауға құқығы бар.

4. Алушы:

1) әлеуметтік қолдау шараларын алған күннен бастап 60 күннің ішінде комиссияның

жұмыс органына бюджет қаржатының мақсатты пайдаланылғаны туралы растаушы құжаттарды беруге;

2) меншігіне сатып алынған жылжымайтын мүлікті әділет органдарында тіркегеннен кейін сенім білдірілген өкілге (агентке) тұрғын үйге арналған құжаттардың түпнұсқасын осы келісімді кемінде бес жыл мерзімге қамтамасыз ету жөніндегі кепіл ретінде беруге;

3) жұмыс органына тоқсан сайын жұмыс орнынан анықтама ұсынуға;

4) осы келісімнің шарттары орындалмаған жағдайда әлеуметтік қолдау шаралары ретінде алынған бюджет қаржатын толық көлемде қайтаруды қамтамасыз етуге міндетті.

5. Сенім білдірілген өкілдің (агент):

1) Алушымен есеп айырысуды жүргізуге;

2) Алушының қаржылық жағдайына мониторинг жүргізуге құқығы бар.

6. Сенім білдірілген өкіл (агент):

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бюджеттік кредитке қызмет көрсетуге;

2) кредиттік шарт бойынша әлеуметтік қолдау шараларын алған маман міндеттемелерінің орындалуына мониторинг жүргізуге;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Алушыдан берешектерді өндіріп алуды жүзеге асыруға міндетті.

3. Дауларды шешу

1) Осы келісімді орындау кезінде пайда болуы мүмкін барлық мәселелер мен келіспеушіліктер мүмкіндігіне қарай тараптардың арасында келіссөздер жолымен шешілетін болады.

2) Егер даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен реттелмейтін болса, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешілуге тиіс.

4. Келісімнің қолданылу мерзімі

1) Осы келісім тараптардың қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

Келісімнің қолданысы 20__ жылғы «__» _____ басталады .

2) Келісім бірдей заңды күші бар үш данада жасалды.

5. Тараптардың заңды мекенжайлары

Әкімші Алушы Сенім білдірілген өкіл

(агент)

